

**Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Бұйрық № 34

«Мектепте оқу жылының басталуы туралы»

Шардара қаласы

25.08.2020 ж

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6-бабы, 1-тармағы 3-тармақшасына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 340 бұйрығына, Шардара аудандық білім бөлімінің 19.08.2020 ж № 155 бұйрығына сәйкес бұйырамын.

Мектепте 2020-2021 оқу жылының басталуы ұзақтығы мен каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын.

1) 2020-2021 оқу жылының басталуы – 2020 жылғы 1 қыркүйек;


2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сабақтар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын;

3) Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

1-11 сыныптарда күзгі каникул -10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы -11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында) көктемгі-12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда: косымша каникул – 7 күн мерзімде (2021 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда) косымша каникул белгіленеді.

Осы бұйрықтың орындалуын оқу ісінің меңгерушілері
Н. Қосбай және Р. Исаеваға жүктелсін.

Мектеп директорының м.у.а:  Л.Қалиева

